

## **2017-2018 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ТАЛДАУ.**

Балалар көркемсурет мектебі мектептің 2016-2020 жылдарға арналған даму Бағдарламасына сай, оқушылар мен ата-аналарға, жалпы қоғамға тәрбие сапасына кепіл болады, яғни, мектептің тәрбие үрдісін бақылауға және басқаруға тиісті.

БКМ-нің тәрбие жұмысы бойынша жылдық жоспары Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрі бекіткен, 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 «Тәрбиелеудің тұжырымдамалық негіздерін» басшылыққа алады. Оның негізінде 2016 жылғы 20 мамырда бекітілген, тәрбиелеудің Кешенді бағдарламасы құралған.

Тұжырымдамалық негіздер білім беру үрдісіндегі тәрбие әлеуетін арттыруға, оқыту мен тәрбиені біріктіруге, «Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясы негізінде тәрбиелеудің методологиясын, мазмұны мен құрылысын, отбасы тәрбиесінің құндылықтарын жаңартуға, сондай-ақ оқу мен тәрбиелеу үрдістерін біріктіруге бағытталады.

«Туған жер» бағдарламасы жалпы ұлттық патриотизмді, туған жер мен қалаға, ауылға деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға бағытталған. Осы бағдарлама «Рухани жаңғыру» бағдарламасының құрамдас элементі болып саналады. Тұжырымдаманың негізгі бағыты: өлкетану, мектеп тарихы мен танымал тұлғалар туралы іс-шараларды ұйымдастыру; сайыстар мен көрмелер, ақпараттық сүйемелдеу – ақпаратты жеткізу көздері сынды әрекеттерді қамтитын білім.

Бұл жұмыс елдің патриоттық рухын қалыптастыруға және жас ұрпақты туған жерді сүйуге, табиғатты ұқыпты ұстауға, мәдени-тарихи ескерткіштерге құрметпен қарауға тәрбиелеуге; рухани танылу үшін қажетті жағдай жасауға бағытталған.

### **Тәрбие жұмысының міндеттері:**

- 1) Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүре алатын, патриот пен азаматтың қалыптасуы үшін жағдай жасау және көмектесу; саяси, құқықтық және жемқорлыққа қарсы тұлғаның мәдениетін қалыптастыру; балалар мен жастардың құқықтық саналарының өсуіне, балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлыққа қарсы тұру қабілеттерін қалыптастыру.
- 2) Қазақ қоғамындағы өмірдің нормалары мен дәстүрлеріне сай келетін, тұлғаның рухани-өнегелі және эстетикалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттері мен нұсқамаларды қалыптастыруға ықпал ету.
- 3) Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде, тұлға бағытына ықпал ету, туған елге және қазақ ұлтының мәдениетіне, Қазақстан Республикасындағы халықтар мен этникалық топтарға деген құрметті қарым-қатынас.
- 4) Ата-аналарды ағартуға, олардың психологиялық-педагогикалық біліктілігі және бала тәрбиесі үшін жауапкершілікті арттыруға, ата-

аналар мен оқушылардың бірлескен шығармашылық атмосферасын жасауға ықпал ету.

- 5) Тұлғаның еңбек дағдысын, экономикалық ойлауын және кәсіпті өздіген таңдауына деген саналы қатынасын қалыптастыру.
- 6) Салауатты өмір салты дағдысын тиімді қалыптастыруға арналған кеңістік жасау, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтай білу, шығармашылық арқылы салауатты өмір салтын дәріптеу.

### **Мектептің тәрбие жүйесі келесі сегіз бағыт бойынша жұмыс істейді:**

- Қазақстандық отансүйгіштік пен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
- Рухани-өнегелі тәрбие;
- Ұлттық тәрбие;
- Отбасылық тәрбие;
- Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбиесі;
- Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетке тәрбиелеу;
- Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
- Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

### **Тәрбие жұмысының бұл бағыттары келесі шаралар арқылы іске асады:**

- сынып сағаты, әңгімелесу;
- ашық іс-шаралар;
- дәстүрлі мектеп іс-шаралары;
- үзіліс кезінде тәрбие үрдісін ұйымдастыру;
- ҚТ, ЖЖЕ,ТЖ кезіндегі тәртіп ережелерінің нұсқамалары.

Сынып жетекшілердің жоспарлы жұмыстары арқылы қойылған міндеттер шешіледі.

Өмірдің заманауи шындықтары есебімен дамитын, тарихи мәдени мұралар көрсетілген мектеп дәстүрлері зор тәрбиелік әлеуетке ие. Азаматтық-патриоттық бағыттағы іс-шаралар балалардың отансүйгіштіктері, азаматтықтары, мейірімділігі, қайырымдылығы, ризашылығы, жауапкершілігі, аға буын алдындағы борыштылық сезімі сынды жоғары адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеуге ықпал етеді.

Есепті жыл ішінде *қазақстандық патриотизм мен азаматтықты* іске асыратын, жоспарланған іс-шаралардың бәрі орындалды. Олар: ҚР мемлекеттік мерекелеріне арналған ашық сабақтар, халықаралық және республикалық сайыстар мен көрмелерге қатысу, жоғары сынып оқушылары арасындағы ашық іс-шаралар, «Менің отбасымның тарихындағы ҰОС» науқаны.

Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қалыптасады. Есепті жыл ішінде бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар өткізіліп, «Менің өлкемнің аңыздары» жобасы бастау алды. Зерттеу жұмысына 150 оқушы, дөңгелек үстел жұмысына 10 тарих мұғалімі мен 29 оқушы, сарапшылар қатысты:

**Сальмухаметова Айман Сагитқызы**- Ақмола облыстық тарихи-өлкетану мұражайының этнографы;

**Бибигуль БЕЙСЕНБАЙКЫЗЫ** - Ақмола облыстық тарихи-өлкетану мұражайының ғылыми қызметкері;

**Сарсекова Гаухар Балапанқызы** – тарихи-мәдени мұраны қорғау және қолдану бойынша орталығының инспекторы;

**Ахетова Алия Қойшыбайқызы** - тарих мұғалімі, публицист, «Туған даламның аңыздары» кітабының авторы;

**Баймуқанова Гульжан Жасдауренқызы** – Көкшетау қ. білім бөлімінің тәрбие жұмысы бойынша маманы.

Дөңгелек үстел нәтижесінде, алдағы уақытта жобаның барлық қатысушылары сүйене алатын, ақпараттық база құралды.

**«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында  
іс-шараларды өткізу бойынша есеп**

| <i>№</i> | <i>Іс-шара атауы</i>  | <i>Оқушылардың қамтылуы</i> | <i>Өткізу орны</i>                      | <i>Күні</i>              |
|----------|---|-----------------------------|---|--------------------------|
|          | <i>БКМ оқушыларының шығармашылық жұмыстарының «Дарындар мен табынушылар» көрмесі</i>  | <i>30</i>                   | <i>Ақмола облысының көшпелі көрмесі</i> | <i>15.11.2017ж.</i>      |
|          | <i>Ақмола облысының тумасы, суретші Мекебаев Болатпен кездесу</i>                     | <i>50</i>                   | <i>2 ОМ<br/>БКМ</i>                     | <i>2017 ж<br/>қазан.</i> |
| <i>3</i> | <i>БКМ оқушыларының шығармашылық жұмыстарының «Менің Отанымның батырлары» көрмесі</i> | <i>15</i>                   | <i>Областық филармония</i>              | <i>12.12.2017 ж.</i>     |
| <i>4</i> | <i>БКМ оқушыларының шығармашылық жұмыстарының «Тәуелсіз Қазақстан» көрмесі</i>        | <i>15</i>                   | <i>Областық филармония</i>              | <i>12.12.2017 ж.</i>     |

|    |  |    |             |                   |
|----|--|----|-------------|-------------------|
| 5  | Қала әкімінің жиналысы аясындағы БКМ оқушыларының шығармашылық жұмыстарының көрмесі                          | 15 | Достар МҮ   | 2018 ж.<br>қаңтар |
| 6  | «Бояулар құпиясы» сайысының қалалық және облыстық кезеңдеріне қатысу және үйлестіру.                         | 21 | БКМ<br>ОУМЦ | 24 .02.18 ж.      |
| 7  | БКМ оқушыларының шығармашылық жұмыстарының «Менің өлкемнің пейзаждары» көрмесі                               | 15 | БКМ         | 2018 ж.<br>ақпан  |
| 8  | Поляк этномәдениеті орталығының шеберлік сыныбы  | 25 | Достық Үйі  | 2 .02.18 ж.       |
| 9  | Смағұл Кенжебайдың "Ши" шеберлік сыныбы  | 25 | Достық Үйі  | 13.02.18 ж.       |
| 10 | ҚР СО мүшесі, өнертанушы О.В. Лузинаның «<br>Духовное обновление в творчестве современных художников» дәрісі | 50 | БКМ         | 1.03.18 ж.        |
| 11 | БКМ оқушыларының шығармашылық жұмыстарының «Менің Қазақстаным» көрмесі                                       | 15 | БКМ         | 2018 ж.<br>наурыз |
| 12 | БКМ оқушыларының арасындағы «Менің Қазақстаным» сайысы. Ұйымдастырушысы – Чуваш этномәдениет орталығы        | 30 | Достық Үйі  | 19.03.2018 ж.     |
| 13 | С.Бурбаева төралығындағы, Ақмола   | 11 | Атбасар     | 17.05.2018 ж.     |

|    |  |  |  |  |
|----|--|--|--|--|
|    | <i>облыстық<br/>көркемөнерпаздар<br/>байқауына орай, СҚӨ<br/>көрмесі</i> |  |  |  |
| 14 | <i>БКМ оқушыларының<br/>шығармашылық<br/>жұмыстарының көрмесі</i>        |  |  |  |

Экскурсиялар *көпмәдениетті* және *зиялылық* тәрбиелеу үрдісінде маңызды рөлге ие. Өткен жыл ішінде оқушылар Ақмола облыстық тарихи-өлкетану мұражайында, Көкшетау қаласы суретішелерінің жеке және топтық көрмелеріне қатысты.

27 қараша күні Балалар көркемсурет мектебінде «БКМ-гі бір күн» іс-шарасы өтті. Бұл іс-шараға Көкшетау қаласының және Красный яр ауылындағы мектептердің 4 сынып оқушылары қатысты. Іс-шара қатысушылары кескіндеме мен сурет құпияларын танып, мүсін түрлерімен және композицияның мүмкіндіктерімен танысты. Іс-шара арқылы көптеген оқушылар БКМ білім алу жөнінде қызығып кетті.

*Еңбек тәрбиесі* де мектептің қызметінде маңызды рөлге ие. Бұл бағыттың негізін қалаушы идея - жүйелі, біріккен, жасампаз, шығармашылық, әлеуметтік маңызды еңбек болып саналады. Оқушылар мұғалімдермен бірге мектеп ауласын бағып күтіп, ауланы арт-объектілерімен безендіреді. Алуан түрлі қызметті (оқу кабинеттерін тазалау, мектеп маңын жинау) ұйымдастыра отырып, педагогикалық ұжым сондай тәрбиелеудің өскелең ұрпаққа жақсы әсер тигізетінін байқайды. *Салауатты өмір салтын қалыптастыру және дене тәрбиесі* де шетте қалмайды. Бірінші ауысымда оқитын оқушылар үшін күнсайын би-шынықтыру жаттығулары өткізіледі. Өмір қауіпсіздігінің негіздері, қауіпсіздік техникасы мен жолда жүре ережелері бойынша әңгімелесуге де ерекше көңіл бөлінеді. ТЖ мен өрт қауіпсіздігі кезіндегі тәртіп алгоритімін қалыптастыру мақсатымен, арнайы фильмдер мен жаттығулар ұйымдастырылады.

Мектептегі оқушы тұлғасының қалыптасуындағы маңызды рөлді рухани-өнегелі тәрбие орындайды, ол тұлғаның шығармашылық қабілеттері мен негіздерін дамытуға ықпал етеді. Оқу жылы ішінде мектептің басты дәстүрлері сақталып, тәрбие жұмысын қызықты, мазмұнды қызметпен қамтыды. Оларға келесі іс-шаралар жатады: «Жас суретшілер қатарына қабылдау», «Мұғалімдер күні», «Отбасы күні», «БКМ тарихының парақтары».

*Экономикалық тәрбиелеудің* негіздері дизайн өндіретін кәсіпорындарға экскурсияға бару және болашақ мамандық туралы тақырыптық әңгімелесулер өткізу негізінде қалыптасты. «Күзгі дефиле» және «Көктемгі шабыт» сынды

мектеп сайыстары арқылы оқушылар стилист мамандығы туралы алғашқы білімді меңгереді, ал «Адамдар таңдайтын мамандықтар» көрмесіне қатысу арқасында оқушылардың ерте экономикалық тәрбиесін дағдыландырады.

Жоғары сынып оқушыларымен кәсіптік бағдар бойынша жеке жұмыс өткізу нәтижесінде түлектер ЖОО мен шет елдің ЖОО-на дизайн, сәулетші және БӨТ мамандықтарына оқуға түседі. 2016-2017 о.ж. ішінде *ұлттық тәрбиеге* аз көңіл бөлінгені байқалды. Сондықтан да этномәдени орталықтарымен бірігіп іс-шаралар өткізу шешімі қабылданды. Шеберлік сыныптар мен экскурсиялар ұйымдастырылды. Сондай шеберлік сыныптардың нәтижесі – «Ши тоқу» көрмесі. Тәрбие жұмысының осы бағыты бойынша жоспарланған жұмысы нәтижі болды.

Мектептің педагогикалық ұжымы әр оқушының жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасауға тырысып, *зиялылық тәрбиелеуге* ерекше көңіл бөледі. Сабақ үстінде, оқу үрдісінде пән мұғалімдері оқушылардың ғылыми көзқарастарын қалыптастыруға тырысады. Бұл жұмыс сыныптан тыс, сабақтан тыс кездерде жалғасын табады. Мектептегі дәстүрлі жобалардың бірі – «Терминологияны зерттейміз». Осы жоба шеңберінде, мұғалімдер үзіліс кезінде тақырыптық бейне-журналдарды көрсету және газет шығару сынды т.б. іс-шараларды өткізеді.

«Күзгі бал», «Жаңа жылдық бал» іс-шаралары, қалалық және мектеп көрмелер, сайыстарға қатысу шаралары *көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие* аясында өткізіледі. Мектептегі тәрбие жұмысының негізгі нәтижелілігі – оқушылардың түрлі деңгейдегі сайыстарға қатысулары болып саналады.

### **БКМ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ НӘТИЖЕСІ**

| Байқау атауы  | Байқаудың өту орны мен күні (мемлекет, қала, жылы мен айы) | Қатысушылар саны | Жеңімпаз бен жетекшісінің аты-жөні   |
|---|--|------------------|--|
| 1   | 2  | 3                | 4  |
| <i>«Жаңа Загора» халықаралық жастар көрме-сайысы</i>    | <i>2017ж. қыркүйек<br/>Болгария</i>                        | 15               | <i>Тыркова Вероника-жет. Ягнюк О.В. (Соңғы көрмеге қатысушы Дипломы)</i>                             |
| <i>Көркемдік және сәндік-қолданбалы шығармашылықтың</i> | <i>2017ж. қазан<br/>Көкшетау</i>                           | 5                | <i>Барахоева Милана-жет. Булгакова Н.А. (1 орын)<br/>Сумбаев Даниил-жет. Булгакова Н.А. (2 орын)</i> |

|  |                                       |    |   |
|--|---------------------------------------|----|---|
| <b>«Алтын қазына» облыстық көрме-сайысы</b>  |                                       |    |   |
| <b>Балалар суреттері мен фотосуреттері, қолдан жасалған бұйымдар мен ашық хаттардың «Мульт-Герой» халықаралық сайысы</b> | 2017ж. қазан<br>Астана                | 6  | <b>Муратбекова Айым - жет.Сарсенбаева А.Б.( 1 орын)</b><br><b>Антай Аружан - жет.Максимова И.В. (2 орын)</b><br><b>Скакова Милана – жет. Сарсенбаева А.Б. (2 орын)</b><br><b>Престель Анастасия - жет.Сарсенбаева А.Б (3 орын)</b><br><b>Таминдарова Алика- жет.Сарсенбаева А.Б.(Зорын)</b><br><b>Репина Дарья- жет.Сарсенбаева А.Б. (3 орын)</b> |
| <b>Облыстық ұлттық жасстар Дельфий ойындары</b>  | 2017ж. қазан<br>Көкшетау              | 4  | <b>Актаев Азамат- жет. Желобкова Ю.В. (1 орын, алтын медаль)</b><br><b>Калиева Амина- жет. Эгамов Р.Ю. (1 орын, алтын медаль)</b>   |
| <b>«Алтын қазына» көркемдік және сәндік-қолданбалы балалар шығармашылығының Республикалық көрме-сайысы</b>               | 2017ж. қараша<br>Алматы               | 2  | <b>Павлова Виктория – жет. Булгакова Н.А. (Финалдық көрме қатысушының дипломы)</b><br><b>Сумбаев Даниил- жет. Булгакова Н.А. (Финалдық көрме қатысушының дипломы)</b>   |
| <b>«В мире сказок и приключений» республикалық сайысы</b>  | 2017ж. қараша<br>Астана               | 5  | <b>Панасюра Анжелика, Грунковская Мария, Дробышева Елизавета- жет. Ягнюк О.В. (1 дәрежелі Диплом)</b>   |
| <b>Балалар шығармашылығына арналған «Туған жерім» XIII республикалық байқауы</b>   | 2017ж.<br>желтоқсан<br>Астана         | 15 | <b>Косан Айым- жет. Максимова И.В. (3 орын)</b>   |
| <b>Балалар суреттері мен әдебиет шығармашылығының «Менің кішкентай ханзадам» халықаралық байқауы</b>                     | 2017ж. қараша<br>Ресей,<br>Барнаул қ. |    | <b>Косан Айым- жет. Максимова И.В. (3 орын)</b>   |

|   |  |           |  |
|---|--|-----------|--|
| <p><b>8th Annual Space Foundation International Student Art Contest</b><br/> <b>халықаралық көрмесайысы</b></p> | <p>2017ж.<br/> желтоқсан<br/> Астана</p> | <p>30</p> | <p><b>Алғыс хат- Яковлева Екатерина- жет.</b>Желобкова Ю.В.<br/> <b>Шаталова Дарья- жет.</b>Ягнюк О.В.<br/> <b>Черненко Роман- жет.</b> Булгакова Н.А.<br/> <b>Чайкова Виктория - жет.</b>Сарсенбаева А.Б.<br/> <b>Стригина Оливия - жет.</b>Сарсенбаева А.Б.<br/> <b>Солодовник Илья- жет.</b>Яковлева О.В.<br/> <b>Престель Артем- жет.</b>Сарсенбаева А.Б.<br/> <b>Нурмаганбетова Дильназ – жет.</b> Сарсенбаева А.Б.<br/> <b>Нуркеева Томирис- жет.</b>Максимова И.В.<br/> <b>Михель Анастасия- жет.</b>Ягнюк О.В.<br/> <b>Коваль Игорь- жет.</b>Яковлева О.В.<br/> <b>Карлыбаева Камила- жет.</b>Ягнюк О.В.<br/> <b>Калымбет Адина- жет.</b> Письмак Н.В.<br/> <b>Иванова София- жет.</b> Янке И.К.<br/> <b>Иваненко Богдан- жет.</b> Янке И.К.<br/> <b>Ибраева Айнель- жет.</b>Ягнюк О.В.<br/> <b>Дробышева Елизавета- жет.</b> Ягнюк О.В.<br/> <b>Грунковская Мария- жет.</b> Ягнюк О.В.<br/> <b>Ведеева Людмила- жет.</b> Булгакова Н.А.<br/> <b>Болатбек Нурия- жет.</b> Яковлева О.В.<br/> <b>Бель Герман- жет.</b> Яковлева О.В.<br/> <b>Бауржан Дамира- жет.</b> Яковлева О.В.<br/> <b>Балташ Аида- жет.</b>Сарсенбаева А.Б.</p> |
|---|--|-----------|--|

|  |   |    |  |
|--|---|----|--|
|  |   |    | <p><i>Антай Аружан- жет. Максимова И.В.</i></p> <p><i>Аманжол Аяулым- жет. Яковлева О.В.</i></p> <p><i>Айтеева Арина- жет. Яковлева О.В.</i></p> <p><i>Аипова Алена- жет. Ягнюк О.В.</i></p>   |
| <p><b>Балалар суреттері</b><br/> <b>«Дворик моей мечты»</b><br/> <b>халықаралық байқауы</b><br/> <b>YardKit (АҚШ)</b></p>  | <p>2018ж. қаңтар<br/> АҚШ</p>           | 5  | <p><b>Репина Дарья- жет. Сарсенбаева А.Б.-</b><br/> <b>(үздік жұмыс үшін Диплом)</b></p>   |
| <p><b>Балалар</b><br/> <b>шығармашылығының</b><br/> <b>«Бояулар құпиясы»</b><br/> <b>облыстық байқауы</b></p>  | <p>2018ж. ақпан<br/> Көкшетау</p>       | 4  | <p><b>Симоченко Анастасия –</b><br/> <b>жет. Булгакова Н.А. (1 орын)</b><br/> <b>Қосан Айым - жет. Максимова И.В.</b><br/> <b>(1 орын)</b><br/> <b>Сакиева Диана – жет. Письмак Н.В.</b><br/> <b>(2 орын)</b></p>  |
| <p><b>Сурет және сәндік-</b><br/> <b>қолданбалы</b><br/> <b>шығармашылықтың</b><br/> <b>«Пасхальная радость»</b><br/> <b>VII халықаралық</b><br/> <b>сайысы</b></p>  | <p>2018ж. наурыз<br/> Петропавловск</p> | 1  | <p><b>Дуброва Анастасия- жет. Ягнюк О.В. (лауреат Дипломы)</b></p>   |
| <p><b>Балалар</b><br/> <b>шығармашылығының</b><br/> <b>«Қазақстан- Туган</b><br/> <b>жерім!» қалалық</b><br/> <b>сайысы.</b><br/> <b>Ұйымдастырушысы -</b><br/> <b>Чуваш этномәдениет</b><br/> <b>орталығы</b></p> | <p>2018ж. наурыз<br/> Көкшетау</p>      | 30 | <p><b>Аипова Алена - жет. Ягнюк О.В.-</b><br/> <b>(Гран-при)</b><br/> <b>Серикова Руслана - жет. Письмак Н.В.- (1 орын)</b><br/> <b>Жакетова Тамила- жет. Яковлева О.В. (2 орын)</b><br/> <b>Алексеева Дарья- жет. Яковлева О.В. (2 орын)</b><br/> <b>Жакупбек Алибек- жет. Ягнюк О.В. (3 орын)</b><br/> <b>Мартынова Екатерина - жет. Ягнюк О.В. (3 орын)</b><br/> <b>Дорошенко Виктория -Максимова И.В. (3 орын)</b></p> |
| <p><b>Балалар суреттері</b><br/> <b>«Азбука безопасности»</b><br/> <b>республикалық сайысы</b></p>   | <p>2018ж. мамыр<br/> Астана</p>         | 7  | <p><b>Марат Малика - жет. Яковлева О.В. (1 орын)</b><br/> <b>Сазонова Валерия - жет. Яковлева О.В. (1 орын)</b><br/> <b>Назарова Елизавета- жет. Яковлева О.В. (1 орын)</b><br/> <b>Айтеева Арина- жет. Яковлева О.В. (2 орын)</b></p>   |

|  |  |  |  |
|--|--|--|--|
|  |  |  | <p><b>Бель Герман- жет. Яковлева О.В.</b><br/><b>(2 орын)</b></p> <p><b>Маженова Томирис - жет.</b><br/><b>Яковлева О.В. (2 орын)</b></p> <p><b>Кравцов Илья - жет. Яковлева</b><br/><b>О.В.</b><br/><b>(2 орын)</b></p> |
|--|--|--|--|

### БКМ мұғалімдерінің жұмыс нәтижелілігінің мониторингі

| №  | Мұғалімнің аты-жөні | Оқушылардың 2014-15 о.ж. жеңістері |            |           |         | Оқушылардың 2015-16 о.ж. жеңістері |            |           |         | Оқушылардың 2016-17 о.ж. жеңістері |            |           |         | Ескерту   |
|----|---------------------|------------------------------------|------------|-----------|---------|------------------------------------|------------|-----------|---------|------------------------------------|------------|-----------|---------|---|
|    |                     | Халықар.                           | Республик. | Облыстық. | Қағалық | Халықар.                           | Республик. | Облыстық. | Қағалық | Халықар.                           | Республик. | Облыстық. | Қағалық |   |
| 1  | Желобкова Ю.В.      | 1                                  |            |           |         | 4                                  |            | 1         |         |                                    |            |           |         | Композиции мұғалімі                               |
| 2  | Булгакова Н.А.      | 6                                  | 3          |           | 2       | 5                                  | 1          | 2         |         | 1                                  |            |           |         | Композиции мұғалімі                               |
| 3  | Письмак Н.В.        |                                    | 1          |           |         | 1                                  |            |           |         | 1                                  | 2          |           |         | Композиции мұғалімі                               |
| 4  | Максимова И.В.      | 3                                  |            |           |         |                                    |            |           |         | 1                                  |            |           |         | Композиции мұғалімі                               |
| 5  | Аманжолов Ж.А.      |                                    |            |           |         |                                    |            |           |         |                                    | 1          |           |         | Композиции мұғалімі                               |
| 6  | Соловьева Т.А.      | 3                                  | 1          | 1         |         | 1                                  | 1          | 1         |         |                                    |            |           |         | Сурет мұғалімі                                    |
| 7  | Эгамов Р.Ю.         |                                    |            |           |         | 1                                  |            | 1         |         |                                    |            |           |         | Сурет мұғалімі                                    |
| 8  | Ягнюк О.В.          |                                    |            |           |         | 14                                 |            | 3         |         | 4                                  |            |           | 3       | Композиции мұғалімі                               |
| 9  | Сарсенбаева А.Б.    |                                    |            |           |         |                                    |            |           |         |                                    |            |           |         | 2016-17ж. бастап жұмыс істейді                    |
| 10 | Ибраев А.А.         | 1                                  | 1          | 1         | 1       |                                    |            | 2         | 2       |                                    |            |           |         | Сурет мұғалімі                                    |
| 11 | Мағзұмов Д.Н.       |                                    |            |           |         |                                    |            |           |         |                                    |            |           |         | Штатта 2017-2018ж. бастап жұмыс істейді           |
| 12 | Сердәлі Ә.М         |                                    |            |           |         |                                    |            |           |         |                                    |            |           |         | 2017-2018ж ана болуға байланысты демалыстан шықты |
| 13 | Янке И.К.           | 1                                  |            |           | 1       | 3                                  |            | 1         |         | 1                                  | 1          |           |         |   |
| 14 | Рахимжанова Д.Е.    |                                    |            |           |         |                                    |            |           |         |                                    |            | 1         |         |   |

Дарынды балалармен жұмыс істеу аясында, жылсайын мектепте дарынды балаларды дамыту жоспары құрастырылады. Есепті жылдың жоспарында БКМ оқушыларының 6 жеке көрмесі жоспарланған, алайда

кейбір қатысушылар ауыстырылды. Оның дәлелді себебі – жеке шығармашылық дипломдық жобаның кесірінен пайда болған оқу жүктемесі. Байқау кезінде мәселені алқа болып, оқушылардың жаңа кандидатураларын ұсыну шешімі қабылданды. Дарынды балалармен жұмыс істеу нәтижелері БАҚ баспаларынан көрінді. БКМ оқушылары Дробышева Елизавета, Қалымбет Адина, Симоченко Анастасия мақала жариялады.

Заманауи жағдайдағы тәрбиелеудің басты мақсаты – тұлғаның жеке қасиеттерін дамыту және жетілдіру. Жылсайын сынып жетекшілер әр оқушының *тәрбиелілік деңгейін* зерттейді. Осы жұмыстың нәтижелелері объективті факторлардан бөлек, сынып жетекшінің кәсіпқойлығына, оның балаларға деген қарым-қатынасына, жағдайды жақсарту ниетіне байланысты. Сондықтан оқушыларға көп көңіл бөлетін мұғалімнің сыныбында тәрбиелілік деңгейі жоғары болады.

Нәтижелерді талдау кезінде бағалардың төмен деңгейін келесі белгілер бойынша анықтауға болады:

1. Оқуға деген көзқарас;
2. Борыш пен жауапкершілік.

### *Тәрбиелілік деңгейінің салыстырмалы анализі:*

|                      | <b>2015-2016</b><br><b>о.ж.</b> | <b>2016-2017</b><br><b>о.ж.</b> | <b>2017-2018</b><br><b>о.ж.</b> |
|----------------------|---------------------------------|---------------------------------|---------------------------------|
| <b>Оқушылар саны</b> | 463                             | 403                             | 418                             |
| <b>Жоғары</b>        | 70%                             | 78,3%                           | 73%                             |
| <b>Жақсы</b>         | 25%                             | 15,5%                           | 23%                             |
| <b>Орташа</b>        | 4%                              | 3,%                             | 4%                              |
| <b>Төмен</b>         | 0%                              | 0%                              | 0%                              |

Оқушылардың тәрбиелілік деңгейін арттырудағы міндеттер ата-аналармен серіктес болу арқылы шешіледі. Сондықтан келесі жұмыс барысына ата-аналармен бірге атқарылатын, бірқатар іс-шараларды жоспарлау керек.

Есепті жыл ішінде көптеген жұмыс атқарылды, бірақ кейбір мәселелерді әлі де шешу керек. Атап айтқанда, кейбір сыныптарда ата-аналардың жиналысқа қатысу деңгейі төмен, сол себепті оқушылардың оқу үлгерімі, шығармашылық дамулары нашар. Ата-аналарды тәрбие үрдісіне белсенді түрде жұмылдырып, ата-аналармен жұмыс істеу түрлерін түрлендіру керек.

#### 2018-2019 оқу жылында ата-аналармен жұмыс істеу бойынша ұсыныстар:

- Түрлі деңгейдегі сайыстарға оқушылардың ауқымды қатысуларын қамту үшін ата-аналар жиналыстарында әңгімелесу өткізу;

- Балаларды ата-бабаның мәдениетіне тарту мақсатымен, ата-аналармен шеберлік сыныптарын өткізу арқылы ұлтралық қатынасты нығайту үрдісін тәжірибе барысында іске асыру;
- Сынып жетекшілердің тәрбиелік қызметін жетілдіру үшін жұмыстың инновациялық түрлері бойынша тәжірибелік семинарды ұйымдастыру және өткізу;
- Оқушылардың тәрбие жұмысының сапалы деңгейі үшін сынып жетекшілердің жеке жауапкершілігін арттыру, оқушылардың ата-аналарын психологиялық-педагогикалық ағарту бойынша жұмыс түрлері мен әдістерін жүйелендіріу.
- Сынып жетекшілеріне арналған әдістемелік материалдар жинағын, ата-аналарға арналған ұсыныстар жинағын құру.

Жалпы, тәрбие жұмысын саралай отырып, мектеп 2017-2018 оқу жылына қойылған міндеттерді шешті және мақсатқа қол жеткізді деп айтуға болады. Жұмыс барысында анықталған мәселелер негізінде, келесі 2018-2019 оқу жылының міндеттерін айқындауға болады:

1. *2018-2019 оқу жылында мектептің даму бағдарламасын іске асыруды жалғастыру (келесі кезең);*
2. *Оқушы тұлғасының қалыптасуы үшін жағдай жасау;*
3. *Тәрбие қызметін бағыттар бойынша ұйымдастыру;*
4. *Ата-аналар және қоғаммен жұмыс жасау жүйесін қалыптастыруды және дамытуды жалғастыру. Ата-аналармен өткізілетін іс-шаралады түрлендіру.*